

**Наурыздің екісі
Сынып жұмысы
ЭКСПО -2017 елімізде
ғылымның жаңа дамуына ықпал
етеді.**

EXPO 2017



EXPO2017
A S T A N A
K A Z A K H S T A N



Президенттің тағы бір жеңісі!
Қазақстанның тағы бір жеңісі!

www.ZHARAR.com

Жаңа сөздер:

үндеу-

мамандандырылған-

мән жағынан-

дайындық жұмыстары-

ауқым-

зор-

шамамен-

* Дүниежүзілік көрме

Экспо 2017 —2017 жылдың 10 шілдесінен бастап 10 қыркүйегіне дейін Қазақстанның елордасы Астана қаласында Халықаралық көрмелер бюросымен (ХКБ) ұйымдастырылатын Халықаралық көрме.

Ұйымдастырушылармен таңдалған тақырып *Future Energy* (Болашақ қуаты) болып табылады.

Тарихы

Экспо 2017 иесі 2012 жылдың 22 қарашасында Францияның астанасы Париж қаласында ХКБ-нің ЕХРО халықаралық бюросы Бас ассамблеясының 152-ші сессиясы барысында белгілі болды. Жасырын дауыс беру қорытындысы бойынша Астана үшін ХКБ-ның 103 мүше-мелмекеті дауыс берген, ал бельгиялық Льеж қаласы 44 дауыс жинады.

Халықаралық көрмелер өткен 160 жылдан астам уақытта олар, негізінен, экономикалық алыптар саналатын АҚШ, Франция, Германия, Жапония, Бразилия, Канада, Ұлыбритания, Испания, Қытай және басқа елдерде өтті. Енді олардың қатарына Қазақстан да еніп отыр.

Біздің осынау жаңа табысымыз біздің бүкіл әлемде құрметті елге айналатынымызды тағы да көрсетіп беріп отыр. Біз үшін халықаралық көрмелер бюросына мүше 160 мемлекеттің басым көпшілігі дауыс берді.

Іс жүзінде Астананы бүкіл әлем таңдады!

Біз небәрі бес жылда көрме орталығын тұрғызып, жаңа қонақүйлер, жолдар салып, көлікті дамытып, қонақтарды қарсы алуға даярлықты қамтамасыз етіп, үлкен дайындық жұмыстарын жүргізді.

Бұл міндеттің ауқымы аса зор.


Үш ай ішінде ЭКСПО – 2017 көрмесін шамамен бес миллиондай шетелдіктер келіп көретін болды. Бүкіл елдер өз павильондарын көрме тақырыбы – “Болашақтың энергиясына” сәйкес дайындады.

Өткеннің тәжірибиесі көрсеткендей, мұндай көрмені өткізу олар өткен қалалар мен

елдердің дамуына зор ықпалын тигізді.

Бұл біздің еліміз үшін жаңа энергетикалық және “жасыл” технологиялар алуда аса зор мүмкіндік. ЭКСПО – 2017-ні өткізу құқы жолындағы күрестегі Астананың табысы – ол бүкіл Қазақстан халқының табысы.


Болашақ көрмесі





1. Астана нені өткізу құқына қол жеткізді?
2. ЭКСПО - 2017 Қазақстанның қай қаласында өтті?
3. Экспо 2017 қай айдан бастап , қай айға дейін болды?
4. ЭКСПО -2017 қай тақырыпта болды?
5. ЭКСПО – 2017 көрмесін шамамен қанша адам келіп көретін болды?
6. Бүкіл елдер өз павильондарын қандай тақырыпта сәйкес дайындады?



 **Назарларыңызға
рахмет!!!**